



ЖАҢА ЖҮЛҮҢҮЗБЕН!

ЖСЖАТІСА шұғыласы

№50-51 (8939-8940)
жұма 23 желтоқсан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕДИА ФОРУМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия медиа форумының қатысушылары – Түркияның бұрынғы президенті Абдулла Гүлмен, Моңғолияның бұрынғы президенті Намбарын Энхбаярмен және Қырғыз Республикасының мемлекеттік хатшысы Сүйүнбек Касмамбетовпен кездесті.

Мәртебелі меймандар Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, оның бастамасымен жүргізіліп жатқан реформа-

лар мен саяси жаңғыруларға оң баға берді.

Президент Орталық Азия медиа форумына қатысқаны үшін қонақтарға алғыс айтып, елдеріміз арасында көпжақты ынтымақтастықтың дамуы бауырластық және достық қарым-қатынасты нығайта түсетініне сенім білдірді.

Кездесу барысында халықтарымыздың тарихи тамыры ортақ екеніне назар аударылды. Сондай-ақ олар мәдени-гуманитарлық және ғылыми салаларда бірлескен жобаларды іске асыру қажеттігі жөнінде пікір алмасты.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ЖАС ПАТРИОТТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Бүгін Астанада еліміздің барлық өңірінен келген 7-14 жас аралығындағы жас ақындар, жазушылар, блогерлер, суретшілер, артистер мен спортшылар бір алаңға жиналды. Жас таланттар биыл ғылыми жобалар дайындап, кейбірі ерлік танытып, түрлі жарыстарда ерекшеленді.

«Бүгін біз оқуда, спортта, өнерде және басқа да салаларда ерекше көзге түскен жас патриоттарды марапаттай отырып, балалар жы-

лы таланттар байқауының қатысушылары марапатталды. Үздік жұмыстардың авторлары ноутбуктер мен басқа да бағалы сыйлықтарға ие болды.

Барлығы 10 номинация бойынша 30 жеңімпаз анықталды: «Үздік эссе» – Береке Сүлейман, Нұрбақыт Боранбаев, Гауһар Әліптур; «Жас ақын» – Аңсар Әбдіразақов,



«Жас артист» – Ариана Асқар, Диас Қаусылов, Аяулым Имангелді «IT-жоба» – Артем Лисин, Әділ Серік, Бексұлтан Сайлаубай; «Жас техник» – Нұрасыл Шәріпов, Меңдібек Темірханов, Мұстафа Ғалымжанұлы; «Жас ғалым» – Айнұр Әлімқызы, Әмір Амангелді, «Жас батыр» – Жаңбырбай Дінмұхаммед, Мерей Бақыт, Руслан Омаров; «Жас спортшы» – Досман Әли, Айназ Әділгереева, Ангелина Кузмичева.



лын қорытындылаймыз. Сіздердің әрқайсыларыңыз еліміздің мақтанышы және болашағысыздар. Мемлекет балалардың шығармашылық әлеуетін дамытып, зияткерлік мүмкіндіктерін іске асыру үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатыр. Сіздерге толағай табыстар тілеймін», - деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев. Сондай-ақ, бүгін республикалық

Елсияр Құлахмет, Жаншырақ Сержан; «Үздік суретші» – Әсем Күздімбаева, Іңкәр Жұмағали, Никита Ульяновичев; «Үздік медиа контент» – Расул Бауыржан, Аяна Бауыржанова, Жан-дарбек Аманқосов;



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді келе жатқан жаңа 2023 жылмен құттықтаймын! Еліміз Тәуелсіздік жылдары қаншалықты толымды табыстарға қол жеткізсе, оған қасиетті Ескелді елі де өз үлесін қосып келеді. Аудан экономикасы жыл сайын өсіп, ауылшаруашылығы мен өндірісі қарқынды даму үстінде. Тұрғындар көгілдір отынның игілігін көруде. Әлеуметтік нысандар қайта жаңғыртылып, заман талабына сай айшықталуда. Бәрі де халық игілігі үшін, бәрі тұрғындардың қолайлы ортада өмір сүруі үшін жасалуда. Шын мәнінде бұл мемлекетіміздің басты қағидасын жүзеге асырудағы шаруалар. Қасиет қонған киелі жердің тұрғындары! Жаңа жыл құтты болсын! Баба жұрт тұрмысында жаңадан үміт, жаңашылдық дәметпесе, жамандық күтпейді. Күткен де емес. Жаңа мүмкіндіктер мен жаңашылдықтар жылына айналсын. Бастысы, тыныштық пен бірлік орнаған еліміз гүлденіп, елдің ырызғы-несібесі молайсын. Жаңа жылдарыңызбен, қадірменді жерлестер!

Құрметпен,
Елдос Ахметов,
Ескелді ауданының әкімі.

Көкжазық ауылдық округі әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 18 желтоқсанда Көкжазық сайлау округі бойынша Көкжазық ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ескелді аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ескелді ауданының ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі.

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1247 азамат енгізілді, оның ішінде 1034 адам (82,9%) дауыс беруге қатысты. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 34 «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған-21

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Жайнарбеков Жарас Аманжолович – 22 адам (2,20%);

Жумабаев Максат Бактыбаевич – 814 адам (81,4%);

Темирғалиев Шариф Курбанғалиевич - 143 адам (14,3%).

Дауыс беру қорытындысы бойынша Көкжазық ауылдық округінің әкімі болып Жумабаев Максат Бактыбаевич сайланды, 1988 жылы туған, «Ескелді ауданы, Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маман заңгері, Көкжазық ауылдық округінің Көкжазық ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы ұсынған.

СООБЩЕНИЕ об итогах выборов акима Кокжазыкского сельского округа

18 декабря 2022 года состоялись выборы акима Кокжазыкского сельского округа по Кокжазыкскому избирательному округу.

Ескельдинская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима сельского округа Ескельдинского района установила итоги выборов:

В список избирателей по избирательному округу было включено 1247 граждан, из них приняли участие в голосовании 1034 человек (82,9%). Число бюллетеней действительных – 34, с отметкой в строке «Против всех» - 21

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Жайнарбеков Жарас Аманжолович – 22 человека (2,20 %);

Жумабаев Максат Бактыбаевич – 814 человек (81,4 %);

Темирғалиев Шариф Курбанғалиевич – 143 человека (14,3 %).

По итогам голосования избран акимом Кокжазыкского сельского округа Жумабаев Максат Бактыбаевич, 1988 года рождения, главный специалист, юрист КГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа Ескельдинского района», проживает в селе Кокжазык, Кокжазыкского сельского округа, выдвинут партией «AMANAT».

«Жетісу шұғыласы» газеті хабарлайды 2023 жылға жазылу науқанының басталуы туралы!

Біздің ИНДЕКС: Жеке – 65535

Заңды тұлға – 15535

Жазылым сомасы:

Жариялау кезіндегі жазылымдар жеңілдіктер бар!

Жеке: 6 ай – 2 284,6 теңге жылы – 4 569,20 теңге

Біздің электрондық пошта

мекенжайымыз: eskeldi_eli@mail.ru

БІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Телефон нөмірі: 3-19-15

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРА ӨТТІ



«Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне» орай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті облыстық қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған үздік журналистік жұмысқа конкурс ұйымдастырды.

Ағымдағы жылдың 15 желтоқсанында БАҚ өкілдерін марапаттау рәсімі өтті, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға және парасаттылық құндылықтарын ілгерілетуге қосқан үлесі үшін жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен қоғам қайраткерлері марапатталды.

Кездесудің мақсаты-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске үлес қосқан азаматтар мен бұқаралық

ақпарат құралдарының өкілдерін көтермелеу, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру арқылы бүкіл қоғамды осы қозғалысқа тарту. Кездесуде сөз сөйлеген Департамент басшысының бірінші орынбасары Темірәлиев Тимур Сәбитұлы БАҚ-тың қоғамның әлеуметтік әл-ауқатын арттырудағы маңызды рөлін атап өтті. Мемлекеттік институттардың қоғамдық ұйымдармен және БАҚ-пен тығыз өзара іс-қимылы ғана сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтауға және алдын алу, кінәлі адамдарды жауапқа тартуға ықпал етеді.

Қатысушылардың пікірінше, бүгінгі іс-шара диалог алаңы болып табылады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға қосымша серпін береді.

Кездесу соңында Департамент басшысының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

ҚЫСҚЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БОЙЫНША ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ӨЗ ЖҰМЫСЫН АЯҚТАДЫ

Өңірлерде жүргізілген көшпелі тексеру қорытындысы бойынша жылу энергиясын берудің шектелуіне, жылудың тұрақты берілмеуіне, резервтік энергия көздерінің және жөндеу материалдарының апаттық қоры болмауына, энергия құрал-жабдықтарының әбден тозуына, сондай-ақ өңірлерге көмірдің уақтылы жеткізілуіне қатысты деректер анықталды. Жергілікті атқарушы органдардың есептеріне қарамастан, бірқатар нысан жылыту маусымына дайын болмай шықты.

Осыған байланысты Үкіметке анықталған барлық факті бойынша шаралар қабылдау және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігін қарастыру тапсырылды.

Сонымен қатар еліміздегі 37 жылу электр орталығының техникалық жағдайына кешенді талдау жүргізіліп, олардың қандай тәуекел топ санатына жататыны анықталды. 19 ЖЭО қауіптілігі жоғары «қызыл», 11 ЖЭО «сары» және 7 ЖЭО «жасыл» санатқа кірді.

Энергетикалық кешеннің тұрақты жұмыс істеуі үшін Үкімет пен әкімдіктерге мынадай шараларды қабылдау тапсырылды.

- Шұғыл түрде:**
- түйткілді жылу электр орталықтары мен жылу желілеріндегі жағдайды түзету үшін шұғыл шаралар жоспарын әзірлеу;
 - «қуат нарығы» шеңберінде 2023 жылы ЖЭО-ларды жөндеу науқанын жүргізуге қажетті 90 миллиард теңгеге жуық қосымша инвестиция тартуды қамтамасыз ету;
 - жылу энергетикалық компаниялардың өндірістік қызметкерлерінің еңбекақысын орташа нарықтық жалақы деңгейіне дейін арттыруды қамтамасыз ету;
 - жылу желілеріне техникалық аудит жүргізу және электр желілері активтеріне, соның ішінде оларды жөндеудің заңдылығы мен коммуналдық меншікке берудің тиімділігін тексеру;
 - халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық қызметтерге жұмсалатын

шығындарды субсидиялау түрінде атаулы көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

- энергетикалық кәсіпорындардың қызметін бақылауды күшейту мақсатында Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің штатын күшейту.

Жүйелі түрде:

- энергетикалық нысандар қызметінің тәуекелдерін басқару ісін бағалауды жетілдіріп, объектіге шығатын нақты бақылау институтын енгізу арқылы қолданыстағы энергетикалық бақылау жүйесін күшейту;
- Энергетика министрлігіне жылумен қамту саласында магистралді және таратыу жылу желілерін қадағалау функциясын беру;
- жылумен және электрмен қамтамасыз ету нысандарының жай-күйін шынайы бағалау үшін тәуелсіз техникалық аудит институтын енгізу;
- қолданыстағы заңнама талаптарын бұзғаны және қаржыны мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін Әкімшілік құқықбұзушылық кодексында әкімшілік айыппұлдарды өсіру арқылы энергетикалық кешен субъектілері мен олардың бірінші басшыларының жауапкершілігін күшейту;
- жылумен және энергиямен қамтамасыз ету субъектілеріне арналған өзара міндеттемелердің регламенттелуін заңнама деңгейінде қамтамасыз ету;
- тариф қаржысын мақсатқа сай пайдаланбаудың және капиталды сыртқа шығарудың алдын алу үшін энергетикалық кәсіпорындар мен табиғи монополия субъектілерінің сатып алуларына мемлекеттік бақылау орнатып, процедуралардың ашықтығын қамтамасыз ету.

Комиссия бірқатар энергетикалық кәсіпорынға қатысты қаржыны жылытап, сондай-ақ қаражатты мақсатқа сай және тиімді пайдаланбау деректері бойынша жинақталған материалдарды фискалдық және құқық қорғау органдарына тергеу жүргізіп, процессуалдық шешім қабылдау үшін жолдады.

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 237 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 19178 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,2 % құрайды.

237 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-180, Қаратал-18, Алакөл-16, Панфилов аудандары-5, Текели қаласы-4, Кербұлақ-4, Көксу-3, Сарқан-3, Ақсу-2 және Ескелді аудандары-2.

Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Ф. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының арты жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға

шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.
3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
6. Өтпелі сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.
7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Асхат ЖАҚСЫЛЫКОВ, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С момента образования области Жетісу зарегистрировано 237 фактов интернет мошенничества, что составляет 1,2% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (19178).

237 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-180, Каратальский-18, Алакольский-16, Панфиловский-5, г.Текели-4, Кербулакский-4, Коксуский-3, Сарканский-3, Аксуский-2 и Ескельдинский-2.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. Ф. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладения им.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно от-



следить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов: «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и поддерживать основные меры предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные сче-

та, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющими сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не проводить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

М.Б. ХАЙРБАЕВ, Старший прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу

КАК ВСТРЕЧАТЬ 2023 ГОД КРОЛИКА



Новый год – это любимый праздник с детства, которого ждут абсолютно все. В новогодние праздники сбываются заветные мечты, а в зимние каникулы катаемся на санках, ватрушках, ледяных коньках. Уже скоро мы будем встречать год черного водяного кролика, и многие интересуются, как нужно отмечать 2023 год?

Наступающий год можно по праву считать одним из самых удачных, так как издавна кролик (кот) был символом спокойствия и постоянства. Никаких серьезных потрясений ожидать не надо, наоборот жизнь будет размеренно плыть по течению. Год кролика сулит шквал хороших новостей и событий. Животное нужно задобрить, особенно тем, кто родился под знаком черного кролика – тогда весь год пройдет успешно во всех сферах.

Кролик не любит суеты и лишней возни, поэтому желательно перед новым годом закупиться подарками, продуктами, закончить все прошлогодние дела, сделать генеральную уборку и со спокойной душой открыться новому – это касается всех жизненных сфер.

ГДЕ ПРАЗДНОВАТЬ

Кролик – это семейное животное, поэтому его лучше встречать в кругу семьи или с близкими друзьями. Он не любит шумные вечеринки, а предпочитает уютные вечера под треск поленьев от костра. Перед тем, как составлять списки гостей помните, что кролик не потерпит посторонних людей, лучше не приглашать незнакомых или мало знакомых гостей. Соберите своих родственников, братьев, сестер, бабушек и дедушек, а также не забудьте навестить близких людей, которые сейчас далеко.

КАК УКРАСИТЬ ДОМ

Для украшения интерьера отлично подойдут мягкие цвета: синий, золотой, шоколадный, зеленый. Водяной кролик не уважает кричащие цвета. Главный атрибут праздника – новогодняя елка. Она может быть настоящей или искусственной, главное, чтобы была наряжена с душой. В декоре стола и помещения стоит избегать принтов в виде змей, гепардов и т. д, иначе хозяин года будет чувствовать себя не в своей тарелке.

В КАКИХ ЦВЕТАХ ВСТРЕЧАТЬ НОВЫЙ ГОД

В канун нового года у девушек возникает дилемма, в каких цветах и в чем встречать новый 2023 год? В этом году цветочная палитра очень разнообразна:

- Черный или синий.
- Цвета, приближенные к натуральным природным оттенкам, среди которых: песочный, зеленый и т. д.
- Насыщенные цвета – терракотовый, горчичный и т. д.
- Мягкие полутона – пудровый, лиловый или серый.

Также на праздник 2023 можно надеть платье из пайеток или костюм из блестящих тканей. Но символ года не любит слишком пафосные наряды – ему по душе простые и лаконичные образы. В вашем наряде не должно быть натурального меха.

Мужчинам стоит выбирать рубашки бежевых или песочных оттенков, также хорошо будет смотреться белый костюм, а добавить «изюминку» поможет платок, который помещается в передний карман пиджака.

ИДЕИ ПОДАРКОВ

В этом году не надо смотреть на стоимость подарка – это в первую очередь внимание, поэтому если вы хотите преподнести символический презент, то обратите внимание на:

- Наборы с конфетами в оригинальной упаковке.
- Сувениры с символом года.
- Фотокарточки, оформленные на новогоднюю тематику.

Близкому человеку можно подарить картины, постельные принадлежности, столовые сервизы или цветы в горшках – такие подарки точно создадут атмосферу уюта и праздника. В качестве украшения обратите внимание на подвески, браслеты и кулоны в виде кроликов или кота.

ЧТО ПОСТАВИТЬ НА НОВОГОДНИЙ СТОЛ

Приветствуется разнообразие фруктов и овощей, а также гармонично будут смотреться еловые веточки в вазах для цветов. Самое главное – исключите из своего меню блюда из крольчатины. Даже если вы очень любите это мясо, на новый 2023 год лучше забыть про

его существование и отдать предпочтение блюдам из курицы, свинины, нежирной рыбы. Обязательно украсьте салатики свежей зеленью – любимым лакомством водяного и обычного кролика. Не стоит готовить слишком много жирных угощений, сделайте акцент на простых блюдах в оригинальном оформлении.

В качестве десерта можно приготовить домашний торт, поставить пиалу с печеньем, конфетами, различными пирогами.

На праздничном столе ни в коем случае не должно быть кроличьего мяса и блюд из него. Символ года избирателен и притворлив в еде, поэтому лучше отказаться от острых блюд и специй. Чтобы не обидеть кролика, в меню запрещено включать:

- Все блюда красного оттенка, кроме красных фруктовых плодов.
- Крольчатину и зайчатину.
- Кровяную колбасу.
- Буженину.
- Тушеное мясо и бифштексы.

ГОРОСКОП ДЛЯ ЗНАКОВ ЗОДИАКА

Перед тем как рассказать, как правильно встречать Новый год Кролика 2023, не помешало бы знать короткий прогноз астрологов для всех знаков зодиака. Новогодний гороскоп поможет вам лучше определиться с планами на предстоящий год не избежать многих ошибок.

ОВЕН

Год Кролика для Овнов обещает быть одним из самых удачных за последнее время. В этот спокойный период у Овнов получится ещё лучше раскрыть свою индивидуальность. По сути, 2023 год является завершающим этапом последних 3 лет. Это время пожинать плоды своей деятельности. Овны, которые по-максимуму выложились в последние годы, могут забыть о жизни то, что им принадлежит по праву. А вот тем, кто с 2020 по 2022 год так и не смог обрести твёрдую почву под ногами, придётся зарабатывать свой авторитет зарабатывать. Но Кролик к Овнам благосклонен, поэтому в конце года вас обязательно ждёт награда. В любви Овнов ждут новые открытия. Вы сможете раскрыть свои чувства глубже. Если вы недавно в отношениях, то ждите бурного развития романа. Женщины символ года обещает больше романтики, а если вы мужчина, то придётся брать всё в свои

руки. Пассивное поведение не пройдёт, поэтому будьте готовы на поступки. Весной 2023 года очень велик шанс встретить не просто свою вторую половинку, а настоящую родственную душу.

ТЕЛЕЦ

В начало года Тельцы ощутят настоящий прилив сил и энергии. Представителям знака будет казаться, что им всё по плечу. Астрологи советуют не расплываться на мелкие задачи. Звёзды советуют сосредоточиться на крупных проектах, направив силы на решение самых сложных задач. Это обязательно принесёт свои плоды. Во всех сферах жизни Тельцов будут ждать новые заманчивые предложения. Не спешите отказываться. Прежде чем принять решение хорошо подумайте и правильно оцените свои силы. В год Кролика тельцам предстоит выходить из зоны комфорта, но лишь за тем, чтобы её расширить. Смело соглашайтесь на то, что изменит вашу жизнь к лучшему.

БЛИЗНЕЦЫ

Очень хорошая новость для Близнецов! Это однозначно ваш год! Поэтому пристегните ремни и готовьтесь покорять новые вершины и блистать! Если предыдущие два года вы чувствовали упадок сил и некоторую неуверенность в себе, то в год Кролика всё встанет на свои места. Ощущение твёрдой почвы под глазами не покинет вас до конца года. 2023 год обещает много новых открытий, яркие эмоции, подтверждение собственного авторитета и неожиданные сюрпризы. Год благоприятен для карьеры. С наступлением весны вы заметите, как резко вырастет ваш авторитет в глазах коллег и начальства. С финансовой стороны тоже всё будет хорошо. В год Кролика деньги сами будут вас искать, поэтому не удивляйтесь тому, что регулярно появляются новые источники дохода. Астрологи обещают вам успех во всём лишь при одном условии – вы сохраните уверенность в своих силах. В 2023 году высока вероятность встретить свою вторую половинку.

РАК

Год Кроликов для Раков так же будет достаточно успешным. 2023 год обещает увеличение прибыли, карьерный рост и стабильность во всех сферах жизни. Если последние годы прошла в борьбе и сомнениях, то год Кролика открывает новый благоприятный период

жизни. Этот период – пожинать плоды своих трудов. Раки будут буквально фонтанировать новыми идеями и планами, которые способны принести вам настоящий успех. Звездочёты советуют записывать все свои идеи на бумаге, некоторые из них способны принести богатство и счастье. Единственное, что может вам помешать в этом году – ваша привычка не заканчивать дела и бросать всё на пол пути. Сосредоточьтесь на своих делах и достижении цели и вы поймёте, что удача на вашей стороне.

ЛЕВ

В отличие от многих других знаков, год Кролика для Львов будет полон испытаний. Лев не очень нравится Кроликам. Однако астрологи предупреждают, что все испытания, которые свалятся на вашу голову, вы сможете преодолеть. Воспринимайте все трудности так, что вы станете ещё сильнее. Так же следует отметить, что никакие чрезмерных потрясений не будет, но подготовьтесь к тому, что придётся постоянно отбивать свою позицию. А это у Львов получается отлично. В результате вы сможете укрепить своё положение в обществе. Несмотря на это, прогноз гласит о том, что 2023 год будет успешным для развития карьеры и построения гармоничных отношений. Помните – со всеми испытаниями вы справитесь – всё в ваших руках!

ДЕВА

У Дев год Кролика обещает быть наполнен событиями. Астрологи утверждают, что 2023 год подарит представителям знака исполнение давней мечты. Но это не произойдёт само по себе. Поэтому, кто долго и упорно работал предыдущие годы, можно расслабиться и подготовиться пожинать плоды своей деятельности. А вот Девы, которые в прошедшие годы занимались поиском себя, предстоит долгая и кропотливая работа над собой и упорно трудиться весь год. В конце года вы безусловно получите свою награду. В целом, в 2023 году, не ожидается каких-то серьёзных поворотов в жизни. Будьте внимательны к своим родным и близким и уделяйте внимание собственному здоровью.

ВЕСЫ

В 2023 году внимание Весов будет сосредоточено на расширении и развитии социальных связей. Год Кролика сулит новые знакомства. Поэтому всячески

развивайте свои навыки коммуникации. Будьте терпеливы и сдержаны. Основные задачи на 2023 год – расширение сферы влияния, укрепление своих позиций в обществе, работа на собственный авторитет, развитие отношений с окружающими, фокус на собственную индивидуальность. С начала года вы испытаете огромный прилив сил. Используйте эту силу на решение вопросов, которые вы давно откладывали. Чем больше терпения вы проявите в начале и середине года, тем сильнее укрепите свой авторитет в конце 2023 года.

СКОРПИОН

Год Кролика для Скорпионов – это спокойный и благоприятный период. В 2023 году вам следует сосредоточиться на собственных желаниях и начать реализовывать планы, не откладывая в долгий ящик. Год Кролика успешен для смены профессии, места жительства или увлечений. Все ваши стремления будут замечены, а желания исполнены. Но для этого необходимо приложить не мало сил. Главная проблема Скорпионов в 2023 году – их самонадеянность. Именно она может сыграть злую шутку. Астрологи рекомендуют Скорпионам в 2023 году чаще сдерживать свои негативные эмоции и не говорить о своих планах окружающим. Работайте над ними в одиночку. В плане карьерного роста год будет достаточно продуктивным. Хотя и работа может идти неспокойно. Часто будут возникать ситуации, в которых необходимо быстро принять решение. Но не сомневайтесь в себе и тогда всё получится!

СТРЕЛЕЦ

Год Кролика для Стрельцов будет периодом, когда следует сосредоточиться на работе. В 2023 году вам предстоит принимать много важных решений и решать серьёзные вопросы. Причём некоторые из них будут касаться посторонних людей. Проявите выдержку и терпение. В течение 2023 года вы будете много общаться с людьми. Общение с вами будет притягивать окружающих. Вам будут доверять самые сокровенные тайны. Астрологи рекомендуют быть осторожным с новыми знакомствами. Вашей доброжелательностью могут воспользоваться в своих целях. Основной фокус должен быть смещён на работу, профессиональные знания и долгосрочную перспективу.

КОЗЕРОГ

2023 год откроет для Козерогов новые возможности. Начнётся он с простого. До апреля вам будет казаться, что в жизни ничего не происходит и не меняется. Это будет такой период, когда нужно будет накапливать силы. А вот с мая начнётся период активной работы. Подъём в работе ожидается в конце весны. В столкнётесь с необходимостью быстро принимать решения. Астрологи предостерегают – в начале лета ваш авторитет может оказаться под угрозой, поэтому будьте бдительны. В плане любви и отношений год обещает быть достаточно спокойным, иногда даже скучным. Ваш фокус внимания будет смещён на работу, поэтому на отношения банально не будет хватать времени. Направьте силы на укрепление партнёрских отношений.

ВОДОЛЕЙ

В год Кролика астрологи прогнозируют Водолеям большие перемены. В первую очередь это коснётся личностного роста. В 2023 году вас ждёт серьёзная трансформация. Проявиться это может по-разному – от внезапного обретения смысла жизни до формирования чётких задач на долгосрочную перспективу. В 2023 году вас ждут новые знакомства. Поэтому старайтесь как можно чаще выходить из дома, посещайте различные мероприятия и не замыкайтесь в себе. Новые знакомства помогут вам вывести жизнь на новый уровень.

РЫБЫ

Для Рыб год Кролика обещает быть очень удачным. Уже весной вы получите ощущение положительного влияния нового периода. Весь год вы будете продуктивны и полны вдохновения, благодаря чему легко сможете решать самые сложные задачи. Советы от астрологов на этот год звучат следующим образом – правильно расставляйте приоритеты, проявляйте инициативу, не откладывайте дела, решайте проблемы по мере их поступления, будьте внимательны к родным и близким.

Подготовлено по материалам Интернет-изданий



ҰСТАЗ - ҰРПАҚ МАҚТАНЫШЫ!

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. Міне, осындай орынға ие Жетісу облысы Ескелді ауданы Жастар негізгі орта мектебінің ұжымы.



Жақсылық – адамның ойы, ниеті, іс-әрекеті. Жаман пиғылдардан аулақ болып, қай кезде болса да адамға қол ұшын беріп көмектесетін, жанашырлық танытатын адамды жақсы адам дейміз. Адамның ең асыл қасиеті – жақсылық. Адам адамға жақсылық жасау үшін жаралған. Жақсылық пен игілікті іс жасау-үлкен адамгершіліктің белгісі. Басқа адамдарға көмектесіп жүрген көптеген абзал жандар бар-деп сөзін бастады бүгінгі кейіпкеріміз. Жақсылық жасау әрбір адамның міндеті болып саналса, сол міндеттерінен мүдірмей қызметтерін атқарады. Мектеп қабырғасын күзеткен күзетшілерімен табалдырығынан аттаған сәттен бастап, барлық ұжым мен үшін дара тұлға.

Білім кілті - мектепте! Мектептің айнасы, бәйтерегі - Мұғалім. Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы "Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, білдірмейді" - деген болатын. Мұғалім білім нәрін себуші. Өсіп келе жатқан ұрпақ - адамзаттың болашағы, жалғасы. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет.

Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы - мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім. Дара тұлға бола білген мектеп ұжымының еңбегінің даралап айтсақ та артық емес.

Қазақта «Адам болып келген соң, адам болып кету қиын» деген жақсы сөз бар. Мен үшін қасиеттердің ең жақсысы - адамгершілік. Себебі, жақсы қасиеттердің жиынтығы - адамгершілік деп аталады. «Жейдесіз адамның жейде сыйлағанынан, өзін сүймейтін адамның сені сүйемін деп айтқанынан қорық» деген жақсы мәтел бар. Расымен де, біреуді сүйіп, біреуге жақсылық жасамас бұрын өзімізді сыйлап, өзімізге жанашырлық, адамгершілік сынды қасиеттерді үйрете білуіміз керек. Адамгершілік дегеніміз не? Ол - қиналған жанға жанашырлық таныту, жылаған адамды жұбату, біреудің ала жібін аттап өтпеу, үлкенді сыйлау. кішіге ізет көрсету. табиғатты

адаяу, сую, махаббатқа берік болу, сүйгеніңе адал болу, шынайылыққа ұмтылу, әділеттілік таныта білу және т.б. Біз өмір сүріп жатқан ғасырда адамгершілікті сақтап қалу өте қиын. Себебі, бізді азғыратын ақша бар, алтын бар, атақ пен даңқ бар, желідегі мыңдаған лүпіл бар. Осының барлығы біздің шынайы бет-бейнемізді көрсетіп, адамгершілік танытуымызға кедергі жасайды.

Иә, шындығында да дана Абай атамыздың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген сөзі, сондай-ақ Хазірет Омардың: «Имандылықтың үштен бірі - Ұялу, үштен бірі - Даналық, үштен бірі - Жомарттық» деген ойы адам жақсысының мінсіз келбеті.

Адамға қойылатын басты талап - асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды-мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан - өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал, адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Дәл осындай қағидаларды берік ұстанған Жастар негізгі орта мектебі жетімін жылдапай, мұқтаж жандарға демеу, қол созған адамдарға қолдау көрсете білді. Адамгершіліктің арынан аттамай, жұмысқа деген адалдықтарын танытты. Бұған себеп Құрақбаев Ерасыл Ерсұлтанұлы. Жастайынан өкесінен ерте қалған Ерасыл Ескелді ауданы Жастар ауылында Асыл апасының қолында өседі. Асыл апасы әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білді. Немересінің балабақшалық шағынан, мектептің тыныс-тіршілігіне де етене араласты. Қоғамдық жұмыстардан да қалыс қалмады. Ерасылдың армандаған оқуына түсуіне де көмегін аямады. Баласынан қалған көзі, қарашығы.

Әрбір мемлекеттің келешегі ең алдымен мектебінде шыңдалады. Ертең осы кеңбайтақ елімізге ие болып, тізгінін ұстар-мектеп оқушысының білім сапасы бәрімізді де толғандырады. Білектің емес, білімнің заманы туған тұста бүгінгі қоғамда сапалы білім алуға мүмкіндік көп. XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, кәсіби мәдениеттілікті, терең білім мен ізденісті талап ететін дәуір десек, білім саласы қай кезде де қоғамның назарында. Қоғам әуелі отбасынан басталса, жалғасы-білім беруші мен араласатын ортасынан. Бала білімге деген алғашқы қадамын

жасағанда оның алдынан шығатын қиындықтар көп. Сол кезде өзінің тәжірибесімен бөлісіп, жол сілтейтін адам ол - мұғалім. Ата-анамыз бізге жүріп-тұруды, өз-өзінді ұстауды үйретеді. Алайда үйде берген тәрбие жеткіліксіз. Ата-анамыздан кейін, бізге ақыл мен ар-ұятты бойымызға сіңіретін бірден бір адам- ұстаз. Мектепте ұстаз балаға жеке тұлға ретінде қарайды, соның арқасында бала бойында жауапкершілік пайда болады.

Бала жүрегі кішкентай күй сандық, сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек» деп Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, бала бойындағы дарынды ашу кез келген адамның қолынан келмейтін іс, ол тек мұғалімнің ғана қолынан келеді деп ойлаймын. Ерасылдың алғашқы күй сандығын ашқан, қолына қалам ұстатып, әліппені үйреткен дана ұстаз- Әсия Данақұлқызы Ахметова. 1973 жылы 6-мамырда бұрынғы Алматы облысы Көксу ауданы Алғабас ауылында дүниеге келген. Сол ауылдың білім ошағын жақсымен аяқтап, Талдықорған қаласындағы бұрынғы Илияс Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің бастауыш мамандығына түсіп, аталмыш оқу орнында ойдағыдай аяқтайды. 2004 жылдан бастап, Ескелді ауданы Жастар негізгі орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарады. Осы уақыт аралығында жеті рет бастауыш сынып түлектерін шығарып, жеткен жетістіктері де аз емес. Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ата- ана өз баласын махаббатына нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын



келтіріп жатады. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш - жігерді қажет етеді. Қажырлы қайратымен, асқан сабырлығымен маған Ерасылды Асыл әжесі өкелді. Ерасыл кіпкішкентай, сүйкімді жігіт. Әжесі барлық қоғамдық жұмыстар мен жарыстардан да қалдырмай жүретін. Өзіде алғыр. Балалық арманы «Апамның аяғы ауырмаса екен» - деп отыратын.

Бастауыш білім нәрімен сусындаған Ерасылды, ары қарай үлкен өмірдің қадамына жол тартқызып Гүлназ Серікқызы Жанымханова. Гүлназ Серікқызы 1971 жылы 9 -маусымда бұрынғы Алматы облысы Талдықорған қаласында дүниеге келген. 1988 жылы Көксу ауданындағы Луначарский атындағы орта мектепті үздікпен бітіріп, Талдықорған қаласындағы бұрынғы Жетісу Мемлекеттік Илияс Жансүгіров атындағы университетінің физика-математика пәнінің мұғалімі мамандығына оқуға түсіп, оны да жақсымен аяқтайды. 1993 жылы алғашқы еңбек жолын Талдықорған

қаласынан бастап, отбасын құрғаннан кейін Ескелді ауданы Жастар негізгі орта мектебінен жалғасын табады. Гүлназ Серікқызының да жеткен жетістіктері де аз емес. Мектеп, Аудан, Облыстық сайыстардан да жүлделі орындарға ие болған.

-Гүлназ Серікқызы, ұстаз болудың қасиеті қандай?

-Ең алдымен айта кетер жәйт, ұстаз болып туылу қажет. Демек, мейірім, махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерінің көрігі, жан- дүниесі жайдарлы шуақты жан ғана адамның адамшылығын танытар жақсы ұстаз бола алады. Себебі, өзгеге ізгілік нәрін сеппес бұрын, өзі де нәрлі болуы тиіс қой. Сондықтан да, қазақтың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынұлов атамыз «Адамдық диқаншысы» деп ұстазды жайдан-жай атамаған. Өйткені, шәкірттің бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәннен егетін абзал жан - ұстаз. Ол-мәңгі нұрдың қызметшісі. Жас шыбықтың тамыры терең, жапырағы жайқалып, жемісі мол болуы үшін үлкен еңбек қажет, оны бағбан ұзақ күтеді. Ұстаз да осы бағбан тәрізді. Оқу табалдырығын



аттап келген күннен бүлдіршіндерді өзіне баурап алып, мейірімі мен шапағатын күн шуағындай төге жүріп, өз уақытын аямай шәкіртін бақытқа жеткізеді. Ол тек шәкіртін ғана емес, ұлтын, күллі адамзат баласын бақытқа жеткізу үшін еңбектенеді. Яғни ұстаз болу - білім беру сапасын арттыру саясатын тікелей жүзеге асырушы ғана емес.

- Ерасыл қандай еді?

- Ерасыл өте ақылды. Бастауышты бітіріп келгенде маған алғаш өзінің арманын айтты. Мен апамды асырау үшін дөнекерлеуші болсам, апамды асырай аламын ба? - деді. Мен таңырқап қарадым. Арманы асқақ баланың ойы тек, апасын асырау, денсаулығына күтім жасау болатын. Кейіннен есейе келе, сыныптастарымен бірге жүріп, ақыл тоқта та бастады. Бір күні сабақ үстінде, қасыма келіп...

Апай ұшқыш болсам бола ма? Ұшқыш болу-өте қиын мамандық екенін білемін, бірақ бұл менің арманым. Әуеде қалықтап, ұшқан құстай самғау туралы ойласам, арман құшағына енемін. Аспан әлемін зерттеп, алған білімдерімді қолдана білсем, менен бақытты жан болмас деп ойлаймын. Түрлі ұшақтардың фотоарынын жинақтағанды жақсы көремін. Әрбір фотоны қарағанда өзімді сонау бір аспан әлемінде қалықтап жүргендей сезінемін.

Ұстаз болу - жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу



- шәкіртке ата-анасындай тәрбие сыйлау. Ұстаз болу - жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру, шамшырағына айналу. Лев Толстой айтқандай- ақ: «Егер ұстаз тек өз мамандығын жақсы көрсе, ол жақсы ұстаз болады. Егер ұстаз тек оқушыларын жақсы көрсе, онда ол барлық кітапты оқып шыққан ұстаздан да үздік болады, бірақ жұмысқа қызығушылығы болмайды. Егер ұстаз жанында жұмыс пен оқуыға деген сүйіспеншілігі тоғысса, ол - нағыз ұстаз.» Жаһандану дәуіріне қадам басып, әлемдік аренаға жол тартып, тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастау- бұлағы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі- мұғалім. Ахмет Байтұрсынұловтың өзі «мұғалім - мектептің жаны» деп бағалаған. Білектің емес, білімнің күшімен ілгерілейтін жаңа заманда ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші - білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусын-дату - екінші бірінші қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу - жүректің батырлығы ретінде бағалауға болады. Бұл - мектеп мұғалімінің еңбегі елімізде жоғары құрметке ие екендігінің айғағы.

Араманы орындалған Ерасыл бүгінде Алматы қаласында оқуда. Оқу орнында озат, үлгілі шәкірт. Оқу орнының ұстаздары да Ерасыл білім алған Ескелді ауданы Жастар негізгі орта мектеп ұжымына да айтар алғыстары шексіз. Бастауыштан бастап, негізгі білім берген ұстаздары Ерасылдың негізін қалап берді. Өзгеге үлгі бола білген жігіт - «Мөлдіреген жанарымнан, қобалжуды сезген ұстазым қолымнан жетектеп партаға отырғызған сәті әлі есімде», дейді - Ерасыл. Алғаш жазуды, санауды үйреткен ұстазымыздың жылы жүзін ешқашан ұмытпаймын. Тоғыз жыл бойы мені білім нәрімен сусындауып, оқуға деген қызығушылығымды оятқан ұстаздарыма, сол мектептің барлық ұжымдарына алғысым ұшан-теңіз. Мектеп ұжымына дендеріне саулық, отбасыларына амаңдық, білім беру жолдарына шығармашылық табыс тілеймін.

Арай ӘДІП



ҰЛТ ҰСТАЗЫ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА 150 ЖЫЛ



«Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының туылына орай Жалғызғаш орта мектебінде кітап көрмесі қойылып, 5-8 сынып оқушылары арасында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты оқырмандарға А.Байтұрсынұлының әдеби портретін жасап таныстыру, жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігімен егемендігі үшін күрескен алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының өмірімен шығармашылығын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси қоғамдық көз қарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу болды.

XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту ғылым жолындағы өте биік тұлға Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол, алдымен, бастауыш сынып оқулықтарының авторы, екіншіден, алдыңғы қатарлы әдістемелік оқулық жазуда ғана қолданып қоймай,

қазақ тілі оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылыми еңбек жазған ғалым болған. Сондықтан, А.Байтұрсынұлы әдістеме заңдылықтарын оқулықтар жазуда іс жүзінде қолданған және әдістемелік ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым дейміз.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы, «Алаш» партиясының негізін қалаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары ғылым мен аудармаларынан кітап көрмесі қойылып, А.Байтұрсынұлының құрастырған оқу құралдарымен қазақ әліпбиі туралы материалдар жинақталып оқушыларға ұсынылды. Балалар А.Байтұрсынұлының ұлты үшін аянбай тер төгіп, қызмет атқарған ұлтжанды ер рухына бас иіп, асқақ бейнесін өздеріне үлгі ретінде тұтты.

Гульмира.СЫДЫКОВА,
Ескелді ауданы
Жалғызғаш орта мектебінің
кітапханашысы

ЖҮРЕГІМДЕ ІЗІ ҚАЛДЫ ҒЫЛЫМДЫҒЫҢ



Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Ескелді аудандық филиалында Тәуелсіздік мерекесіне орай аудандық кітапхана ұжымымен бірге «Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» тақырыбында кітап көрмесі өткізілді.

Көрменің басты мақсаты еліміздің тарихы, салт-дәстүрлері туралы мағлұмат беру, кітап көрмесі арқылы оқырмандарға ана тілі - ер адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры екенін түсіндіру болды. Тәуелсіздік күні – барша елге ортақ, жалпы халықтық мереке, біздің өткеніміз бен бүгінгіміз осы тәуелсіз мемлекетте өмір сүрудің үлкен бақыт екенін түсіндіру, құрмет тұту. Аталған шараға филиалдың тіл үйренушілері, тіл жанашырлары, желтоқсаншы ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты. Сонымен қатар, филиалымыздың

А1-қарапайым деңгейінің тыңдаушыларымен «Тәуелсіздік таңы» тақырыбында танымдық сайыс сабағы өткізілді. Танымдық сайыс сабағы ҚР Гимнімен ашылып, Ескелді аудандық тіл орталығының оқытушысы Назгүл Жұмаханқызы қатысушыларды мерекесімен құттықтап, сәттілік тіледі.

Сабақ барысында қатысушылар екі топқа бөлініп, сайыстың үш кезеңі бойынша өздерінің алғырлықтарын көрсетті. Сайыс соңында өздерінің білімдерін жоғары деңгейде көрсеткен командаларды мадақтап, алғысымызды білдірдік. Аталған шараға филиалдың тіл үйренушілері, тіл жанашырлары, желтоқсаншы ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты.

А. НҰРБЕК,
Жетісу облысының
«Тіл» оқу-әдістемелік
орталығының
Ескелді аудандық филиалының
менгерушісі

ПРОФИЛАКТИКА РАЗВОДОВ СРЕДИ МОЛОДЫХ СЕМЕЙ



Расторжение брака в наши дни является не только проблемой индивидов, а проблемой общества в целом. Отношения между людьми в браке личные и сугубо индивидуальные, но вместе с тем они имеют и общественное значение.

Проблема развода и судьбы семьи в переломный момент жизни общества приобретает необычайно серьезное значение. В последние годы в нашей стране растет число разводов при одновременном сокращении заключаемых браков, а внебрачная рождаемость приводит к увеличению количества неполных семей.

В связи с этой проблемой Общественное Объединение

«Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» в рамках проекта: «Мероприятия, направленные на укрепление института семьи, продвижение семейных ценностей, укрепление репродуктивного здоровья, а также на продвижение гендерного равенства» в Ескельдинской ЦРБ поселка Карабулак организовали и провели кабинет психолога на тему: «Профилактика разводов среди молодых семей».

На встрече поговорили о проблемах разводов в современной семье, о

мотивах разводов, циклах супружеской жизни. Слушатели мероприятия приняли активное участие в обсуждении темы и поделились своими историями, прошли небольшие тесты, в которых узнали, что в данный момент происходит в их отношениях.

Развод не происходит внезапно. Ему, как правило, предшествует период напряженных или конфликтных отношений в семье. Разрыв семейных отношений не проходит бесследно ни для одного члена семьи. Он оставляет свой след в душе каждого, кто с ним столкнулся, будь то бывшие супруги или их дети. Поэтому самое главное в семейных отношениях – это уметь слушать, слышать и договариваться.

Юлия ЕГОРОВА

ПРОФИЛАКТИКА РАННЕЙ БЕРЕМЕННОСТИ



Ранняя беременность – это беременность, наступившая в возрасте до 18 лет. В это время у девочек наступает переходный возраст, гормональная перестановка. Во время беременности организм работает в усиленном режиме – большая нагрузка падает на сердечно-сосудистую, эндокринную системы и внутренние органы. Сложнее вынашивать ребенка, когда подростковая гормональная перестройка

накладывается на беременную перестройку. Организм девочек еще не готов к таким нагрузкам. Чаще всего, основной проблемой незапланированной беременности в подростковом возрасте является недостаточное половое воспитание. Во многих семьях разговоры на эту тему считаются запретными. Во основном, решение проблемы ранней беременности на 90% зависит от обстановки дома и от воспитания родителей.

Лучший способ бороться с проблемой – это ее предупредить,

вести профилактические беседы с девочками и мальчиками, рассказывать о негативных последствиях ранней половой жизни, как для здоровья, так и для будущего в целом.

В связи с этим Общественное Объединение «Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» в рамках проекта: «Мероприятия, направленные на укрепление института семьи, продвижение семейных ценностей, укрепление репродуктивного здоровья, а также на продвижение гендерного равенства» в школе им. Ж.Жақыпбаева организовали и провели акцию: «Профилактика ранней беременности, абортов и ИППП».

В ходе мероприятия участники акции узнали о негативных последствиях ранних половых связей, ИППП, приняли участие в дискуссиях и групповых работах.

Юлия ЕГОРОВА

ОХРАНА ХВОЙНЫХ ДЕРЕВЬЕВ: ЕЛЬ

Новый год не за горами. Этот праздник не обходится и без главного атрибута – елки. Многие предпочитают наслаждаться ароматом хвои и изяществом зелёной красавицы и потому покупают живые ели. Однако ежегодно имеют место быть и факты незаконной вырубки.

Согласно приказу комитета лесного хозяйства Республики Казахстан, с 1 декабря 2022 года объявлено «Об усилении по охране молодого хвойных пород в предновогодний период 2022 года».

Ель - вечнозеленое хвойное дерево семейства сосновых, которое каждый человек ассоциирует с волшебным праздником детства - Новым годом. Эта красавица не только является символом праздника, но и отличным декором для садов и парков. Густые леса, образованные елями, используются в промышленности. Кроме того, еловые ветки обладают рядом полезных для человека свойств.

Все ели теневыносливы, но лучше развиваются при достаточном освещении. Они требовательны к плодородию и влажности почв,

практически все виды морозостойки. Ель – высокорослое дерево, может превышать 30 метров в высоту. Средняя продолжительность жизни елки составляет около 500 лет. Прочность древесины и высокая теплоотдача елки позволяет применять растение в промышленных целях.

Размножается растение при помощи семян, которые располагаются внутри небольших яйцевидных шишек. Особенности заключается в том, что шишки не раскрываются даже после созревания внутри семян, как у других хвойных растений. На землю падают целые плоды, которые сохраняют свою целостность еще год после падения.

Плодоносить елки начинают только через 10-15 лет после появления побегов. Растение дает плоды в мае, а созревает в октябре. После опадения, плоды сохраняют всхожесть в течение 10 лет после созревания. После попадания семян в землю, растение прорастает только через несколько лет.

Существует более 50 видов елей, и многие из них имеют декоративные формы. Есть вариации с различной окраской – от темно-зеленых до

желтоватых и сизых. Друг от друга виды ели обыкновенной отличаются довольно сильно, в первую очередь размерами, формой, окраской хвои, а также требованиями к почве, температуре и освещению.

В случае вырубки и кражи елки нарушительно грозит статья 381-1 ч.2 КоАП РК. Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, входящих в лесной фонд, с причинением ущерба до ста месячных показателей – влекут штраф на физических лиц в размере 100 МРП, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере 300 МРП, на субъектов крупного предпринимательства – в размере 1000 МРП с конфискацией незаконно срубленных деревьев и кустарников, транспортных средств и иных предметов нарушителя, явившихся орудием совершения указанных нарушений.

Алмаз ФАЙГАПАНОВ,
мастер леса;
Ержан ЖЕКЕНТАЙ,
лесник,
Коксуиское лесничество

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ НҮРИЛӘ ЖИДЕБАЕВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

ЕКІ МӘРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 116 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕР АНА

ЕҢБЕКТИҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ



Жетісу өңіріндегі бұрынғы Шұбар, қазіргі Ескелді ауданы, Алдабергенев ауылында көргені жақсы көш бастаған, еңбекпен бақытын тауып, туған Отанынадеген борышын адал ақтаған абзал азаматтарымыз, аяулы аналарымыз көптеп саналады. Олардың 21 Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауларына алтын жұлдыз қадап, бір ауылдан шыққан Еңбек Ерлері туған жер тарихына өшпестей із қалдырды. Соның бірі Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеневтың замандастары, қант қызылшасын өсірушілер звеносының жетекшісі болған – Социалистік Еңбек Ерлері Жидебаева Нұрилла.

Социалистік Еңбек Ері Жидебаева Нұрилла 1922 жылы қасиетті мекен-Талдықорған облысы (қазіргі Жетісу) Талдықорған (Ескелді) ауданының Шұбар (Алдабергенев) ауылында дүниеге келді. Қарапайым шаруа отбасында тәрбиеленіп, сол тұстағы замана ауыртпалығынан және ата-анасынан ерте айырылу салдарынан еңбекке ерте араласты. Еңбек жолын 1938 жылы «Жаңаталап» колхозында бастады. Бұл колхоз кейін Екі мәрте Социалистік Еңбек

Ері Нұрмолда Алдабергенев басқарған барша Одаққа танылған беделді ауылшаруашылыққа айналды. 1941 жылы Н.Жидебаеваны басшылар үлкен сенім артып, қызылша өсірушілер звеносына жетекшілікке сайлайды. Ол бойындағы бар күш-жігері, білім-білігін ұжымындағы жандардың ұйымшылдықпен айтулы табыстарға жетуіне аянбай жұмсай білді, уақытпен санаспай, күннің атысынан қараңғы түскенге дейін егістік алқабында жүретін.

Н.Жидебаева алғаш 1947 жылы 2 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 815 центнерден өнім алды. Келесі жылы егіс алқабын бір гектарға көбейтіп, әр гектардан 931 центнерден тәтті түбір жинады. Бұл жоғары көрсеткіш рекорд болды. Мұны құрамында 30 адамы бар, сонау Болгариядан келген бір топ делегация мүшелері өз көздерімен көріп, сенер-сенбестерін білмей таңқалысты. Ерен еңбек көрсеткіші жоғары бағаланып, 1949 жылдың 20 мамырында КССРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин орденімен наградталды.

1955 жылы Одақтық дәрежедегі зейнеткер шығып, Талдықорған қаласының және ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып тұрды. Өмірден көріп-білген ұлағатты өнегесін жас ұрпақ өкілдеріне, өндіріске келген жас мамандарға жалықпастан үйретті.

Н.Жидебаева жолдасы Ұлы Отан соғысы ардагері Қажеке Наурызбаевпен төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы. Балаларының барлығы жоғары білім алып, бүгінгі таңда ел тәуелсіздігінің баянды болуы жолында белсене қызмет етуде.


2005 жылы Нұрилла Дүйсебайқызы

Жидебаеваның «Офсет» баспаханасынан «Бақыт кілті» атты өмірбаяны мен еңбек жолы туралы жазылған кітабы басылып шықты. «Бақыт кілті» атты кітабы екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі – «Мөлдір бұлақ» эссесі, екіншісі – «Қалам бедерлеген бейне» атты толғаулар. Бұл кітапта әрбір оқиғаның қоғам дамуымен қабырғаласа өрбуі, дәйекті де қызықты деректерді шұрайлы тілмен көмкерілуі оқырмандарды ықыластандыра тарта түседі.

Нұрилла Жидебаева жолдасы Ұлы Отан соғысы ардагері Қажеке Наурызбаевпен екеуі төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы. Олардың әрқайсысын тәрбиелеп оқытып, азамат етіп шығарғандығы үшін бүкіл ел алдында мәртебесі биік. Балаларының барлығы жоғары білім алып, бүгінгі таңда ел тәуелсіздігінің баянды болуы жолында белсене қызмет етуде.

Социалистік Еңбек Ері, асыл ер ана Нұрилла Дүйсебайқызы Жидебаеваның еңбекпен жеткен биік мәртебесі ешқашанда аласармақ емес.

Г.ШАЙМУХАНБЕТОВА, Н.Алдабергеневтың мемориалды музейінің меңгерушісі



Қазақстанның өткен ғасырдағы тарихында ел экономикасының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосып, халықтың шынайы құрметіне бөленген шаруашылық басшылары аз болған жоқ. Солардың бірі Ұлы Отан соғысы ардагері, колхоз құрылысын алғаш ұйымдастырушылардың бірі, қоғам қайраткері, «Дала академигі», Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенев.

Халқымызда «Елдің атын ер шығарады» деген даналық сөз бар. Осы орайда, адал еңбек, озық тәжірибе, жанкешті еңбекқорлығының арқасында алақандай ауылын, күллі облысты ғана емес, кең жазиралы республика атын әлемге танытқан Нұрмолда Алдабергеневтың есімін ардақ тұтып, өнегесін жас ұрпаққа үлгі ретінде мадақтағанымыз елдігіміздің белгісі деп білемін.

Нұрмолда Алдабергенев - Жетісу өңірінде алғашқылардың қатарында қант қызылшасын өсіруді қолға алып, өзін колхоз өндірісінің ірі ұйымдастырушысы, ауыл шаруашылығының білгір басшысы ретінде көрсеткен - еңбектің дара тұлғасы.

Қазақ елінің біртуар азаматы Нұрмолда Алдабергенев Өмірдің ащы-тұщысын жастайынан тартқан тағдырдың талай

сынағына төтеп берді. Жастайынан жетім қалып, малшы, жалшы да болды, білек күшін бұлдамай, кетпен-күрек көтерді, қиын-қыстау заманда қолына қару алып, қан майданда болды. Қанша сынға түссе де, мұқалуды білмеген, қиындыққа шыңдалып, еңбегімен ерлеген Нұрмолда Алдабергенев тағылымы халқына – мұра, ұрпағына – ұлағат.

Нұрмолда Алдабергеневтің жетекшілігімен Жетісу өңірінде тұңғыш су электр станциясы салынды. Өзі басқарған колхозға тұрғын үйлер, орталық мәдениет үйі, сауда орталығы, балалар бақшасы, орта мектеп, аурухана салынып, пайдалануға берілді. Ол ауыл шаруашылығында егіншілік мәдениетін арттыру және мал тұқымын асылдандыру ісінде ғылым жаңалықтары мен озат тәжірибені өндіріске батыл енгізіп, жоғары өнімге қол жеткізді. Алайда Нұрмолда Алдабергеневтай ұйымдастырушылық қабілеті жоғары кемеңгер тұлғаның алған асу биігіне дәл қазірге шейін ешбір адам қол жеткізбеген шығар.

Абыройы биік алып тұлғаның аңызға айналған жетістігі, шыққан биігі, қажырлы еңбегі туралы, ауыл шаруашылығын дамытудағы әдіс-тәсілін, үлгілі ісін насихаттап, оны ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыру үшін кемеңгер тұлғаның өз халқына, еліне тигізген шарапатын, сіңірген еңбегін көрсету мақсатында Н.Алдабергеневтың мемориалды музейінің қызметкерлері тарихи тұлғалардың қиын жағдайлардағы еңбектері мен тақырыптық экскурсиялар, танымдық шаралар жүргізілуде.

Биыл Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеневтың туғанына 116 жыл толуына орай музей қызметкерлері іс-сапармен «Тұғыры биік нар тұлға» атты жылжымалы көрмелер ұйымдастырды. Көрме барысында 1955 жылы Еңбек Ерінің көзі тірісінде экранға түскен және колхоз қозғалысының тарихы туралы бейнефильмдері көрсетілді сонымен қатар музей қорынан алынған Н. Алдабергеневтың жеке заттары, фотосуреттері көпшілік назарына ұсынылды.

Қазіргі таңда Н. Алдабергеневтың салған сара жолы, оның серіктестерінің нақтылы істері жалғасын табуда. Бүгінде өзінің есімімен аталатын шаруашылық Еңбек Ерінің асыл бейнесін ардақ тұтып, әспеттеп болашаққа батыл қадам басқан берекелі-бірлігі, ынтымағы жарасқан ұйымшыл ұжым. Олардың дйттеген мақсаттары, міндеттері ұйымдаса еңбек етіп, жаңа бір деңгейге көтеру.

Нұрмолда Алдабергеневтың кемеңгерлік тұлғасы мен келбеті жадымыздан өшпей, еңбексүйгіштік қасиеті ұрпақтарға мәңгі үлгі өнеге болып қала бермек.

С.А.КУЛБОСЫНОВА, Педагог-ұйымдастырушы, Жетісу орта мектебі

Ж.Ө.АХАТАЕВА, Н.Алдабергеневтың мемориалды экскурсия жүргізушісі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – Қазақстан саясатындағы аса маңызды стратегиялық басымдықтың бірі әрі бірегейі. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда үлкен орын алады. Жетісу орта мектебінде жасөспірімдердің мінез-құлқында жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру мақсатты әрі жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы бағыттағы жұмыстарда «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының орны ерекше.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы негізгі үш бағытта жұмыс жүргізеді. Олар : сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, мәдени-көпшілік іс-шаралар.

Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы жемқорлықпен күрестің қоғамға ортақ іс екендігін, сонымен бірге әр азаматтың борышы болып саналатындығын жете түсінуге тиісті. Сондықтан да баланы кішкентай кезінен отансүйгіштікке, қоршаған орта мен салт-дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке, тәртіп пен адалдыққа баулу керек. Білім мен тәрбие адам бойында жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуының негізі болып саналады. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары оқушылар бойында жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыратын, құқықтық сана мен мәдениеттің деңгейін арттыратын ерікті бірлестік. Бұл қозғалыс мектептердегі жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, құқықтық білімді де кеңінен насихаттайды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып, Жетісу орта мектебінде өз-өзіне қызмет көрсету жүйесіне негізделген «Адалдық» дүкені ашылды. Мұнда білім алушылар мен мұғалімдер өздеріне қажетті тауарларды алып, алынған тауардың ақшасын кассалық жәшікке қалдырып отырды. Дүкенге кеңселік тауардың 20-ға жуық түрлері қойылды. Білім алушыларға дүкен ережесі таныстырылды. Дүкенді ашуға демеушілік көмек көрсеткен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер Зайтбекова Раушан Исабайқызына алғыс айтамыз.

«Адалдық» дүкені білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, ішкі парасаттылықты, адалдықты және бір-бірімізге деген сенімді қалыптастыру мақсатын көздейді. Ар-ожданнның мекеніне айналған «Адалдық»



дүкенінің болашақ ұрпақ үшін өнегелі тәрбие көзі болатынына сеніміміз мол.

КӨШКІН ҚАУІП КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қар көшкіні – бұл 20-30 м/с жылдамдықпен түсетін немесе қозғалатын қардың массасы. Қар көшкінінің түсуі ең үлкен қирауды тудыратын ауа алдындағы толқындардан пайда болуымен бірге жүреді.

Қар көшкінінің түсу себептері: ұзақ уақыт бойы қардың түсуінен, қардың қарқынды еруінен, жарылыстармен таулы беткейлердегі жер сілкінісінен және ауа райының күрт өзгеруінен туындайтын басқа да әрекеттер. Қар көшкіні ғимараттардың, инженерлік құрылыстардың бұзылуына, жолдар мен тау соқпақтарының тығыздалған қармен жабылуына әкелуі мүмкін. Көшкінінен көбінде таулы аудандардың тұрғындары, туристер, альпинистер, геологиялық барлаушылар, шекарашылар және басқа да жарақат алған тұрғындар қардың астында қалулары мүмкін.

Сол себепті, Жетісу облысы ТЖД қар көшкіні кезіндегі мінез құлықтың негізгі ережелерін ұсынады:

ЕГЕР СІЗ ҚАУІПТІ АЙМАҚТА БОЛСАҢЫЗ: Қар көшкіні аймақтарында мінез-құлықтың негізгі ережелерін сақтаңыз: қар мен қолайсыз ауа райында тауға шықпаңыз; тауларда болған кезде ауа-райының өзгеруін қадағалаңыз; тауға шыққанда, сіздің жолыңызда немесе серуендеу аймағында қар көшкіні болуы мүмкін жерді біліңіз. Қар көшкіні болуы мүмкін жерлерден аулақ болыңыз. Олар көбінесе тік беткейлерден 30' - ден асады, егер бұталар мен ағаштар болмаса, көлбеу 20' - дан асады. 45' - тен жоғары тік болған кезде, қар көшкіні әр қар жауған сайын ериді.

- ЕГЕР ҚАР КӨШКІНІ СІЗДІ БАСЫП ҚАЛСА: Мұрын мен ауызды қолғаппен, шарфпен, жағамен жабыңыз; қар көшкінінде қозғалғанда, қолдың жүзу қимылымен қар көшкінінің бетінде қалуға тырысыңыз, жылдамдық төмен сиякке қарай жылжытыңыз. Қар көшкіні тоқтаған кезде, бетпенкеудеге жақын кеңістікке құруға тырысыңыз, ол тыныс алуға көмектеседі. Егер мүмкін болса, жоғарғы жағына қарай жылжытыңыз (жоғарғы жағын сілекеймен анықтауға болады, бұл оның аузынан ағып кетуіне мүмкіндік береді). Қар көшкініне түскеннен кейін айқайламаңыз-қар дыбыстарды толығымен сіңіреді, ал айқайлар мен мағынасыз қозғалыстар сізді күш, оттегі мен жылуудан айырады. Өзіңізді жоғалтпаңыз, ұйықтамаңыз, сізді іздәтінді ұмытпаңыз (қар көшкінінің астынан адамдарды бесінші, тіпті он үшінші күні құтқарған жағдайлар бар).

- ҚАР КӨШКІНІНЕН КЕЙІН: Егер сіз қар көшкіні аймағынан тыс болсаңыз, жақын маңдағы елді мекеннің әкімшілігіне болған оқиға туралы кез-келген жолмен хабарлаңыз және зардап шеккендерді іздеуге және құтқаруға кірісіңіз. Қардың астынан өз бетіңізше немесе құтқарушылардың көмегімен шыққаннан кейін денеңізді тексеріп, қажет болған жағдайда өзіңізге көмектесіңіз. Ең жақын елді мекенге жеткенде, оқиға туралы жергілікті әкімшілікке хабарлаңыз. Дені сау деп ойласаңыз да, медициналық орталыққа немесе дәрігерге барыңыз. Өрі қарай, дәрігердің немесе құтқару жасағы басшысының нұсқауы бойынша әрекет етіңіз.

Жетісу облысы ТЖД баспасөз қызметі

ҚАР КӨШКІНІНЕН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Қар көшкіні – бұл тау беткейлерінің қар жамылғысымен толық жабылып, қар қабаттарының температура әсерінен тығыздығы артып, қар қайтадан кристалданып, ішінде қиыршық горизонттың пайда болуынан қар массасының тау беткейімен төмен қарай жылдам қозғалуы.

Жетісу Алатауының солтүстік және солтүстік – батыс беткейлерінде (Қора шатқалы мен Текелі өзені алаптарында) қар көшкіні қауіп жоғары 45 ошақ тіркелген. Оның ішінде 9 потенциалды қауіпті ошақ, 10 – нан астам әртүрлі объектілер, 2 – ға жуығы жергілікті тұрғындарға және маңызды автожолға қауіпті саналады.

Текелі қаласы аумағында, қар көп жауатын, қолайлы геоморфологиялық және топырақтық – ботаникалық жағдайлары бар Жетісу Алатауының солтүстік және солтүстік – батыс жоталарында ірілі – ұсақты қар көшкіні болып тұрады. 20 – 60 грдустық құлама тау беткейлерінде, қар жаңа жауған және ауа – райы құбылмалы болып, циклондық, антициклондық құбылыс кезінде көшкіні болудың ықтималдығы жоғарылайды. Сирек қайталанатын көшкінінің көлемі 1млн. текше метрге қозғалысының ең үлкен жылдамдығы 100 метр секундқа дейін жетеді. Барлық көшкіндердің 50 % - ке жуығы жазыққа дейін жетіп, халық пен шаруашылық объектілеріне тікелей қауіп төндірмейді. Көшкінінің кедергіге көрсететін қысымы 1 шаршы метр үшін бірнеше жүз тоннаға жетуі мүмкін.

Тауда және тауға жақын елді мекендегі кез келген адам қыс мезгіліндегі таудағы қауіптерді, сақтандыру шараларын білуге міндетті.

Жай адамдар көшкінге қыстың суық мезгілінде тауда жүрудің қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан тап болса, ол альпинистер мен тауға шығуды әдет қылған туристер бұған жыл бойы әзір болуға тиіс. Тау әуесқойлары

тап келетін барлық бақытсыз оқиғалардың 25 % - жуығы көшкінінің еншісінде. Ол әдетте бағыт пен қозғалыс уақытын дұрыс таңдай алмаудан, көшкіні қауіп бар беткейлерден тәуекелшілдікпен етуден, көшкінінің пайда болу табиғаты туралы білмеуден, тәртіп бұзудан болады.

Тауға шығарда қауіпті қар көшкіні болатын картамен танысып, мамандармен ақылдасу, бұқаралық ақпарат құралдарынан таудағы жағдайларды үнемі тыңдап отыру керек. Тауда болған кезде бірден тік құздарға шықпаңыз, бұталар мен ағаштар жоқ жерге бармаңыз, тек қана тапталған жолмен жүру керек. Сонымен қатар, қоршаған ортаға мұқият қарап, кездескен жабайы хайуанаттардың мінезін зерделеген жөн (тау ешкілері қар көшкінінің ықтималдығын алдын ала сезіп, қауіпті аймақтан кетеді), сондай – ақ беткейдегі қардың тәзімділігін қолда бар қауіпсіз едістермен тексеру қажет.

Текелі қаласы аумағында қар көшкіні алдын ала ескертіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қазселденқорғау» ММ Текелі қалалық бөлімінің ұйымдастыруымен қар көшкіні қауіп бар телімдерде 10 – нан астам ескерту және ақпараттық қалқандар орнатылды. Соңғы уақытта қалыптасқан күрделі ауа – райына сараптама жасай отырып, көшкіні кезеңінің ұзақтығы аталған аймақта қардың барына және жиналу кезеңіне сәйкес болады. Көшкінінің өң белсенді уақыты көктем мезгілі болып саналады, абай болыңыздар дейміз!

Байланыс телефондары:
8(728-35) 5-20-96; 8(728-35) 4-92-29 – факс; 8 777 388 92 34.

А. Т. САЗАНБАЕВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ-нің «ЖААПБ» филиалының Текелі өндірісті – пайдалану бөлімінің басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық – заман ағымымен бірге өсіп-өркендеп, тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамуды елдердегі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Осыған орай Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Кудьяров Канат Жамантаевич атаулы әлеуметтік көмек бойынша жауапты ауылдық округ мамандары, халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкерлеріне түсіндірме жұмысын жүргізіп, дөңгелек үстел өткізді.

К.Ж.КУДЬЯРОВ,
Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (ажырасушының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлік тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);
- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search>-

-web);

- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады. Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекеменшік мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді.

Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда № 21463 Өділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді.

Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qatqov.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және

жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ. Анықтаманы «EgovKzBot» қосы Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электрондық түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Өділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» жүйесі арқылы ақпараттарды интеграцияланған ақпараттарды жетісі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Серікжан МЕРЕЙХАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Қаратал және Ақсу аудандары бойынша ҚСЖАЕА саласындағы заңдылықты бақылау жөніндегі аға прокуроры

**АРАЙ БІЛІМ
ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ
ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ**

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ;
- БАСТАУЫШ СЫНЫП
- ТЖБ, БЖБ;
- КӨРКЕМ ЖАЗУ;
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ;
- ОРЫС ТІЛІ;
- ҰБТ ҒА ДАЙЫНДЫҚ;
- НЗМ; КТЛ; 20,24 ЛИЦЕЙ-Е
ДАЯРЛАУ.



**УЧЕБНЫЙ
ЦЕНТР
"АРАЙ БІЛІМ"**

- ПОДГОТОВКА ЕНТ;
- ПОДГОТОВКА В НИШ,
КТЛ, 20, 24 ЛИЦЕЙ;
- ПОДТОВКА К ШКОЛЕ;
- НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА;
- АНГИЙСКИЙ ЯЗЫК;
- РУССКИЙ ЯЗЫК;

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:
87474287029

ҚАРАБУЛАҚ АУЫЛЫ,
БАЛПЫҚ БИ К-СІ, 109



ОБРАЩАТЬСЯ
ПО НОМЕРУ:
8 747 428 70 29

П. КАРАБУЛАҚ,
УЛ. БАЛПЫҚ БИ, 109

ПОЗДРАВЛЕНИЯ

**Поздравляю с наступающим Новым годом:
акимат Ескельдинского района,
Карабулакскую поселковую администрацию,
Ескельдинский районный отдел образования,
Карабулакскую среднюю школу и
редакцию газеты «Жетісу шұғыласы»!**

Поздравляю с Новым годом! И хочется всем пожелать, чтобы в наступающем году с нами произошло то самое чудо, о котором мы все так мечтаем. Хоть у каждого оно свое, но оно обязательно самое необходимое и самое важное. Желаю, чтобы все мы были живы и здоровы, чтобы занимались тем, что приносит нам удовольствие. Желаю достигать новых вершин и самореализовываться. А еще пожелать хочу побольше радостных моментов, которые перейдут в приятные воспоминания, и встреч с преданными друзьями и любимыми домашними.

Пусть в этом году вас ждет только радость, здоровье и удача! Пусть он будет годом исполнения желаний и претворения в жизнь всех планов! Пусть этот год каждому подарит как можно больше счастливых дней и счастливых встреч!

В.И.МАКШАНОВА

**Коллектив ЦРБ Ескельдинского района во главе
с руководителем Сауле Рысбековной,
Светланой Владимировной!**

Поздравляю с Новым годом! В приближающемся году хочется вам пожелать финансовой стабильности, семейного благополучия и уверенности в завтрашнем дне. Чтобы все ваши задумки были реализованы беспрепятственно и удача сопутствовала вам ежеминутно. Чтобы Новый год принес вам огромный заряд бодрости, железное здоровье, душевный покой и оптимизм. Всего вам доброго и хорошего в Новом году!

М.Ф.ВАЛЬТЕР

**Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет
о начале подписной компании на 2023 год!**

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,6 тг год - 4 569,20 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,6 тг год - 5 895,2 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

**Подписчикам при публикации
предоставляются скидки!**

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

Номер телефона: 3-19-15

**ТАШКЕНТТЕ АБАЙ
ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА
АРНАЛҒАН КӨРМЕ
АШЫЛДЫ**

Өзбекстанның бейнелеу өнері галереясында қазақ жазушысы және ойшылы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Абай. Бауырлас халықтардың мұрасы» атты көрме ашылды.

Көрменің ашылу салтанатына Өзбекстан Премьер-Министрінің орынбасары, Туризм және мәдени мұра министрі Әзиз Әбдіхақымов, Қазақстанның мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Бейбіт Атамқұлов, «Жидебай-Берілі» Абай музейінің директоры Тұрдықұл Шанбай, Бейнелеу өнері галереясының директоры Камола Акилова мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қазақстанның мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев көрме жұмысын ұйымдастырғаны үшін өзбек тарапына алғысын білдірді.

«Әлішер Науаи мен Абайдың шығармашылығы – жалпы адамзат құндылықтарының қалыптасуы үшін бейнелейтін ұлы мұра. Екі ойшыл әртүрлі уақытта өмір сүрсе де, оларды гуманизмге деген ұмтылыс пен поэзиядағы реформаторлық рух біріктіреді. Екеуі де бауырлас халықтың рухани тірегі», – деді Дәурен Абаев. Өз кезегінде Өзбекстан Премьер-Министрінің орынбасары, Туризм және мәдени мұра министрі Әзиз Әбдіхақымов қазіргі уақытта түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау және қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Қазақтың ұлы жазушысы Абайдың шығармашылығына арналған көрменің ашылуы – Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы достықтың нығайып келе жатқанын айғақтайды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевқа «Өзбекстанға қош келдіңіз» деп айтқым келеді. Бүгін ашылған көрме Ұлы ойшыл Әлішер Науаидің гуманистік дәстүрлерін сақтаған Абай шығармашылығын жақсы түсінуге мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Оның шығыс пен батыстың бірлігі туралы, әлемдік мұраны игеру қажеттілігі, энциклопедизмге ұмтылу, адам табиғатын жетілдіру туралы идеялары қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ», – деді Әзиз Әбдіхақымов.

«Абай. Бауырлас халықтардың мұрасы» көрмесі келесі негізгі бөлімдерден тұрады:

- Көшпелі мәдениет Абайдың қалыптасуының негізгі факторы ретінде;
- Әлішер Науаидің Абайды қалыптастырудағы рухани тәлімгер ретіндегі рөлі;
- Абай өмірінің негізгі кезеңдері;
- Суретшілер Ә. Қастеев, Ә. Таңсықбаев, Е. Сидоркин, Н. Әтепбаев және т. б. шығармаларындағы Абай кейіпкерлері мен сюжеттері.

Көрмеде қазақтың дәстүрлі тұрмысы, сәндік-қолданбалы өнері, кескіндеме, графика, Абай туралы басылымдар, оның шығармалары ұсынылған.

«Абай. Бауырлас халықтардың мұрасы» көрмесі Ташкентте 19-30 желтоқсан аралығында өтеді. Сонымен қатар, бүгін Ташкентте Абай Құнанбайұлы ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

ҚР МСМ баспасөз қызметі

**АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК
КӨМЕК**

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) аз қамтылған, көп балалы отбасыларға табыстары кедейлік шегінен аспаса тағайындалады. АӘК алу үшін сізге жергілікті атқарушы органға ауылдық округіне (Әкімдікке), Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (egov.kz) сайты арқылы жүгіну қажет. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылы 17 шілде №237 заңына сәйкес бір адамға немесе отбасына, атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін отбасының әрбір мүшесі есебінен орташа жан басына шаққандағы табыс және облыстарда белгіленген кедейлік шегі (2022 жылдың 4-ші тоқсанына кедейшілік шегі 31 196 тг. құрады) арасындағы айырмасы түрінде уәкілетті орган есептейді. Отбасының құрамы және табыстар өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмекті мөлшері қайтадан есептеледі. Ал өтініш беруші отбасында өзгеріс, мекен-жайлар, табыс көзі т.б өзгеріс болған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

2022 жылдың төртінші тоқсанында 711 отбасы (3779 адам) атаулы әлеуметтік көмекке жүгінді, оның ішінде 473 отбасына (2529 адам) тағайындалды, шартты ақшалай көмек - 405 отбасы (2247 адам), шартсыз ақшалай көмек - 68 отбасы (282 адам), 238 отбасына (1250 адам) атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан отбасының жан басына шаққанда орташа табысы кедейшілік шегінен асуы, учаскелік комиссияның шешімі бойынша бас тартуы, өтініш берушінің бастамасымен тоқтатылуы, толық құжаттары болмағандықтан және т.б. себептермен бастартуы. Оның ішінде жыл басынан жұмыспен қамту орталығының белсенді шараларына тартылғандар: Тұрақты жұмыс орындарына орналастырылғандар 60 адам, учаскелік жұмыстарға жіберілген 7 адам, әлеуметтік жұмыс орындары 1 адам, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар алған 5 адам, жұмыс берушілердің сұратуы бойынша оқу ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға 9 адам жергілікті.

К. КУДЬЯРОВ.

Ескелді ауданы жұмыспен қамту орталығы директоры

НАВАРЛАНДЫРУ

Қаратал ауылының тұрғындарының назарына, 2022 жылдың желтоқсан 30 күні, сағат 11.00 де Қазақстан мекемесінің жанында болатын ауыз су құбырына қызмет көрсету бағыттарын бекіту туралы жиын өткізілітінін хабарлаймыз. «ҚАЙНАР ҚАРАТАЛ» ТҰИЫНУ КООПЕРАТИВІ.

ПОК «КАЙНАР ҚАРАТАЛ» ОБЪЯВЛЯЕТ слушание об утверждении тарифа на услуги водоснабжения в с.Каратал Ескельдинского района 30 декабря 2022 года в 11 часов на территории казпочты.

НАВАРЛАНДЫРУ

**Құрметті
Бақтыбай
ауылдық округінің
тұрғындары!**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларын транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақхалқының пікірін ескерту қағидалары бекіту туралы» №138 қаулысының 8-тармағының, 1- тармақшасына сәйкес 2023 жылдың 24 қаңтар күні сағат 15:00 –де Бақтыбай ауылдық округі әкімшілік ғимаратында Бақтыбай ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық мүшелерімен «Бақтыбай ауылының Абдрахманов Балтабай көшесінің атауын Балтабаев Абдрахман көшесі деп өзгерту туралы» мәселе бойынша жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Балтабаев Абдрахман – Ұлы Отан соғыс ардагері, 1941 – 1943 ж. II дәрежедегі мұғдедек болып елге оралған. Соғыстан кейінгі жылдары, Бақтыбай ауылдық округіндегі Елтай колхозында бастық болған, 1960-1980 жылдары Райком аппаратында нұсқаушы, Ильич-Қоңыр колхозында және Еркін савхозында парткомның хатшысы, Обком профсоюзда инспектор қызметін атқарған. «Еңбек қызыл ту», Дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендарымен, медальдармен марапатталған. Президиум Верховного Советінің - грамоталарымен, құнды бағалы сыйлықтарымен марапатталған.

Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты

ТМР және БҚК –Жетісу обласы. Департамент жария тыңдауларды өткізеді.

Жетісу облысындағы Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 78 үйде орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті Ескелді ауданы «Қарабулақжылу» Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жылу энергиясын өндіру, тарату және беру қызметтеріне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарау бойынша Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабулақ ауылы аудан әкімінің кіші мәжіліс залында 2022 жылдың 28 желтоқсанда сағат 15:00-де жария тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдауларға депутаттар, тәуелсіз сарапшылар, мемлекеттік органдардың қызмет тұтынушылардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылады.

КРЕМ и ЗК –область Жетісу. Департамент проводит публичные слушания.

Департамент Комитета Республики Казахстан по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу, расположенное по адресу: г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра 78, извещает о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки на утверждение тарифов и тарифных смет на услуги производства, передача и распределение тепловой энергией ГКП «Карабулақжылу» Ескельдинского района, которое состоится 28 декабря 2022 года в 15-00 часов по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, село Карабулақ, в малом зале районного акимата

На слушания приглашаются депутаты, независимые эксперты, представители государственных органов, потребителей услуг, средств массовой информации.

ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Ескелдинского района» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту «Разработка (корректировка) генерального плана села Карабулақ» включая заинтересованную общественность.

Общественное слушание состоится 25 января 2023 г. в 11:00 ч. в Актовом зале Акимата Ескелдинского района в п. Карабулақ, Ескелдинского района.

Разработчик проекта – ТОО «Саулет и К» тел. 8(727)304-55-49 e-mail: saulet_k@bk.ru;

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Карабулақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 2000 Тираж 2000 Тапсырыс 1084 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.